Аутсорсинг – (ағылш. outsourcing) ұйымның шарт негізінде қажетті салада жұмыс істейтін басқа компанияға өндірістік кәсіпкерлік қызметтің белгілі бір түрлерін немесе функцияларын беруі. Бір жолғы, эпизодтық немесе кездейсоқ сипаты бар және басы мен соңы шектелген қызметтер мен қолдаудан айырмашылығы: аутсорсингке (кемінде 1 жыл) әдетте ұзақ уақыттық келісімшарт негізінде жекелеген жүйелер мен инфрақұрылымның үздіксіз жұмысын кәсіби қолдау жөніндегі функциялар беріледі. Аутсорсинг тұтастай алғанда кәсіпорынның тиімділігін арттыруға және жаңа бағыттарды дамыту үшін босаған ұйымдастырушылық, қаржылық және адами ресурстарды немесе аса назар аударуды талап етпейтін күш-жігерді шоғырландыру үшін пайдалануға мүмкіндік береді.

Имплант – бұл көлік компаниясының оған қызмет көрсетудің жоғары деңгейін

қамтамасыз ету үшін осы кәсіпорынның қоймасында орналасатын сауда кәсіпорнында өтінімдерді ресімдеудің уақтылығы мен дұрыстығын мониторингілеу, көлік тапсырысы, қадағалау және есеп беру бойынша өз міндеттерін атқаратын қызметкері.

Интеграция – (жаңа өнім берушіні/ қызметкерді) іске, компанияның саясаты мен рәсімдерінің ортасына/ атмосферасына/ мәдениетіне енгізу үдерісі, өзара іс-қимыл жасайтын ұжыммен/ негізгі адамдармен танысу, басқаша айтқанда неғұрлым тиімді өзара іс-қимыл үшін күтулер мен сұратулар себептерін барынша түсінуге қол жеткізу үшін «біріктіру».

Кайдзен – жапон философиясы немесе өндіріс, әзірлеу, қосалқы бизнес-үдерістер мен басқару үдерістерін, сондай-ақ өмірдің барлық аспектілерін үздіксіз жетілдіруге бағытталған тәжірибе. «Кайдзен» бизнесте — өндірістен бастап жоғары басшылықпен аяқтап, директордан бастап қатардағы жұмысшымен аяқтап тұрақты жақсарту. Стандартталған әрекеттер мен үдерістерді жақсарту келе, кайдзеннің мақсаты — шығынсыз өндіріс.

Кросс-докинг (cross-docking) – ұзақ мерзімді сақтау аймағында орналастырмай, жүктерді тікелей қоймада қабылдау және тиеу үдерісі.

Жүктерді ротациялаудың логистикалық әдістері:

FEFO (First Expire, First Out) – бірінші бітеді – екінші шығады

FIFO (First In, First Out) – бірінші келді – бірінші кетті

LIFO (Last In, First Out) –соңғы келді – бірінші кетті

BBD (Best Before Day) – бірінші ұсынылатын мерзім бітеді – бірінші шығады

FPFO (First Product First Out) – бірінші дайындалып бітті – бірінші кетті.

ТМҚ (Тауар-материалдық құндылықтар) - бұл кәсіпорынның үздіксіз өндірістік-шаруашылық қызметін қамтамасыз ететін және өндірістік қорлардың, аяқталмаған өндіріс қалдықтарының және дайын өнімнің құнын қамтитын айналым қаражатының құрамдас бөлігі.

Көлік логистикасы - тасымалдаудың (тасымалдау) әрбір кезеңінде жүктердің қозғалысына мониторингті қамтитын көліктің әр түрін (темір жол, автомобиль, теңіз, ішкі су, әуе) пайдалана отырып, оңтайлы бағыт бойынша жүк жөнелтушіден (өндірушіден) жүк алушыға дейін жүктерді тасымалдауды жоспарлау және басқару бойынша тасымалдау үдерісіне қатысушылардың өзара байланысты іс-қимылдарының жиынтығы.

БА – Басшылардың, мамандардың және басқа қызметшілердің лауазымдарының біліктілік анықтамалығы.

1. Кәсіптік стандарттың төлқұжаты	
Кәсіптік стандарттың атауы:	Көтерме бизнес логистикасы
Кәсіптік стандарттың нөмірі:	(бекіткеннен кейін анықталады)
ЭҚЖЖ секциясының, бөлімінің, тобының, класының және кіші класының атаулары:	Н Көлік және қоймалау 52 Қойма шаруашылығы және қосалқы көлік қызметі 49.41 Автомобиль көлігімен жүктерді тасымалдау 49.42 Тасымалдау бойынша қызметтер 52 Қойма шаруашылығы және қосалқы көлік қызметі 52.1 Жүкті қоймалау және сақтау 52.2 Тасымалдау кезіндегі қызметтің қосалқы түрлері 52.21 Құрлықтағы көлік саласындағы қызметтер 52.22 Су көлігі саласындағы қызметтер 52.24 Жүктерді көліктік өңдеу 52.29 Тасымалдау кезіндегі өзге де ілеспе қызметтер

	82.1 Әкімшілік және қосалқы қызмет көрсету саласындағы қызмет	
Кәсіптік стандарттың қысқаша сипаттамасы:	Сауда логистикасы, көтерме бизнес мамандықтарының кәсіби талаптары сатып алу және өткізу үдерістерін логистикалық тізбектермен қосатын бірыңғай, өзара байланысты және өзара тәуелді жүйені қамтамасыз етеді. Сауда кәсіпорнындағы құрылымдық функционалдық логистикалық жүйе (қосымша) сатып алынған сәттен бастап соңғы тұтынушыға өткізу сәтіне дейін тауармен болатын барлық кезеңдер мен үдерістердің ерекшеліктерін ескере отырып, сауда үдерісін қамтамасыз етеді және шығындарды едәуір қысқартады және сауда компаниясы жұмысының тиімділігін арттырады.	
2. Кәсіптер карточкалары		
Кәсіптер карточкаларының тізбесі:	Имплант	2-деңгей
	Клиенттік тапсырыстар жөніндегі маман	4-деңгей
	Жабдықтау жөніндегі менеджер	6-деңгей
	Кедендік ресімдеу және сертификаттау жөніндегі менеджер	6-деңгей
	Қойма ісі жөніндегі менеджер	6-деңгей
	Көлік жөніндегі менеджер	6-деңгей
	Логистика бөлімінің басшысы	6-деңгей
КӘСІПТЕР КАРТОЧКАСЫ:		
Имплант		
Код:	(бекіткеннен кейін анықталады)	
Топтың коды:	9629-9	
Кәсіп:	Имплант (көлік компаниясының нақты сауда компаниясына бекітілген және сонда қоймада жұмыс істейтін қызметкері)	
Кәсіптің басқа да мүмкін атаулары:	Қоймашы	
ЖСШ бойынша біліктілік деңгейі:	2	
Қызметтің мақсаты:	Көлік компаниясы тарапынан компанияның өтінімдеріне жедел қызмет көрсету, компания қоймасында тауарларды тиеуді үйлестіру және уақытылы жеткізілуін мониторингілеу.	
Еңбек функциялары:	Міндетті еңбек функциялары:	1. Жөнелтілімдерді дұрыс қабылдау және уақытылы тіркеу. 2. Жөнелтілімдерді жеткізу және беру есебін ұйымдастыру.
	Қосымша еңбек функциялары:	—
Еңбек функциясы 1: Жөнелтілімдерді дұрыс қабылдау және уақытылы тіркеу.	Міндет 1: Әрбір орынды дұрыс желімдеуді жүзеге асыру	Ептіліктер:
		1. Әрбір жөнелту орнын желімдеу үшін КК бағдарламалық жасақтамасынан алынған стикерлерді басып шығару. 2. Ресімделген жүкқұжаттар мен жапсырмалардың оралған жүктерге сәйкестігін желімдегенге дейін салыстырып тексеру/ қайта тексеру. 3. Нұсқаулықтарға сәйкес орындарды желімдеуді (стикерлеуді) орындау.

		Білімдер:
		- Орындарды желімдеу тәсілдері, қажетті орналасқан жері және саны. - Жапсырмалардың деректері, олардың тағайындалуы.
	Міндет 2: Жөнелтілімдерді қабылдау және тіркеу.	Ептіліктер:
		- Жүйеде тапсырыс нөміріне әр орынды бекіту. - Егер жүйелердің интеграциясы болмаса, онда КК жүйесінде жөнелтуге жоспарланған тауарға дұрыс өтінімдерді уақытылы жасау, сондай-ақ қажетті көлік пен көліктегі орындардың қажетті санына уақытылы тапсырыс беру. - Барынша сақталуын және тасымалдаудың талап етілетін сапасын қамтамасыз ету үшін тауардың дұрыс тиелуін бақылау және ұйымдастыру. - Жөнелтудің барлық көлемін қайта санау және КК компаниясынан жүктерді беру актісіне күн сайын қол қою. - Компания клиенттеріне жеткізу мәселелері бойынша КК курьерлеріне нұсқау беру.
		Білімдер:
		- КК жүйесінде өтінімдерді құру жөніндегі нұсқаулықтар. - Көліктің қажетті санын және барынша тиелуін есептеу тәсілдері. - Пайдаланылатын жүк көлігінің түрлері мен сипаттамалары. - Компания тауарының түрлері, қасиеттері, сипаттамалары, сондай-ақ оларды тасымалдау шарттары (температуралық режим, қатарлау мүмкіндіктері және басқалар). - Барынша сақталуын, оңтайлы тиелуін және тасымалдаудың талап етілетін сапасын қамтамасыз ету үшін тауарларды тиеу және түсіру, сондай-ақ олардың көлік ішінде орналастыру және қатарлау ережелері. - Әлеуетті орындар, жүктерді жеткізу кезіндегі тәуекелдер. - Жүктерді жеткізудің технологиялық үдерісі және қатысы бар қызметкерлерді функционалдық бөлу. - Курьерлердің функциялары мен міндеттері - Курьерлердің және КК басқа да қызметкерлерінің аумақтары (аймақтары), байланыстары.
	Міндет 3: КК ұсынатын шығын материалдары санын мониторингілеу	Ептіліктер:
		- Бір айға / тоқсанға өзінің оралымды қызметі үшін қажетті шығын материалдарының оңтайлы санын есептеу. - Компания қоймасында КК ұсынатын жапсырмалардың, жүкқұжаттардың, қораптардың және конверттердің санын мониторингілеу, уақытылы қосымша тапсырыс беру. - Қағазға, өз принтеріне арналған картриджге және

		өзге де кеңсе құралдарына мониторинг жүргізу және уақытылы қосымша тапсырыс беру. Білімдер: 1. Айына/ тоқсанына пайдаланылатын материалдардың орташа шығысы. 2. Компанияның КК-мен шығын материалдарына тапсырыс беру бойынша уағдаластықтары. 3. Компанияның және КК қызметкерлермен өзара іс-қимыл жөніндегі регламенттері.
	Міндет 4: Компания қоймасындағы жапсырмалардың, жүкқұжаттардың, қораптардың және конверттердің санын мониторингілеу, уақытылы қосымша тапсырыс беру.	Ептіліктер: 1. Бір айға / тоқсанға өзінің оралымды қызметі үшін қажетті шығын материалдарының оңтайлы санын есептеу. 2. Компания қоймасында жапсырмалардың, жүкқұжаттардың, қораптардың және конверттердің санын мониторингілеу, компания мен КК уағдаластықтарына сәйкес уақытылы қосымша тапсырыс беру. 3. Қағазға, өз принтеріне арналған картриджге және өзге де кеңсе құралдарына мониторинг жүргізу және уақытылы қосымша тапсырыс беру. Білімдер: 1. Айына/ тоқсанына пайдаланылатын материалдардың орташа шығысы. 2. Компанияның КК-мен шығын материалдарына тапсырыс беру бойынша уағдаластықтары.
Еңбек функциясы 2: Жөнелтілімдерді жеткізу және беру есебін ұйымдастыру	Міндет 1: Көлік компаниясының сайтындағы калькуляторда көрсетілмеген жаңа межелі пункттерге дейін жеткізу мерзімі мен құнын есептеуді ұйымдастыру	Ептіліктер: 1. Жеткізу құнын есептеу үшін автоматтандырылған бағдарламаларды (сайттағы калькулятор) қолдану. 2. Жаңа межелі пунктке дейін тарифті есептеу және оларды калькуляторда қосу үшін көлік компаниясындағы (КК) әріптестермен өзара іс-қимыл жасау. 3. Көлемдік салмақты, ақылы салмақты, болжамды жеткізу құны мен мерзімдерін (егер бағдарлама жұмыс істемейтін жағдайда) есептеу. 3. Электрондық пошта арқылы өзара іс-қимыл жасау. 4. КК бағдарламалық жасақтамасын пайдалану. Білімдер: 1. Жеткізу құны мен мерзімдерін есептеу тәсілдері. 2. Электрондық пошта, корпоративтік желі бойынша өзара іс-қимылдың корпоративтік ережелері. 3. Компания тауарының түрлері, қасиеттері, сипаттамалары, сондай-ақ оларды тасымалдау шарттары (температуралық режим, қатарлау және басқалар). 4. КК бағдарламалық жасақтамасын пайдалану мүмкіндіктері мен ережелері.
	Міндет 2:	Ептіліктер:

	Жөнелтілімдерді беру	1. Алушыларға жүкқұжаттардағы деректерге сәйкес жеткізілген тапсырыстарды беру. 2. КК жүйесінен уақытылы жеткізілімдер бойынша есепті шығару. 3. Уақытылы жеткізілмеген тапсырыстарды мониторингілеу және қалыптасқан жағдайларды тез арада шешу үшін қажетті әрекеттерді жүзеге асыру.		
		Білімдер:		
		1. КК бағдарламалық жасақтамасын пайдалану мүмкіндіктері мен ережелері. 2. Компанияның және ТК қызметкерлермен өзара іс-қимыл жасау жөніндегі регламенттері. 3. Жүктерді жеткізудің технологиялық үдерісі және қатысы бар қызметкерлерді функционалдық бөлу.		
Тұлғалық құзыреттерге қойылатын талаптар	Адалдық, парасаттылық, орындаушылық, жауапкершілік, ұқыптылық, тәртіп, байсалдылық, MS Office пакетін пайдаланушы деңгейінде білу. Жұмыс тәжірибесі талап етілмейді. Білім – мүмкіндігінше колледж, көлік, тасымалдау және логистика бойынша мамандықтар басымдыққа ие болады.			
Қызметтің тиімділігін өлшеу көрсеткіштері:	1. Жиналған және буып-түйілген клиенттік тапсырыстарды тиеу үшін көлікті уақытылы беру 2. Жасалған қателіктер саны 3. Оның жұмысына шағымдардың саны 4. Уақытылы жеткізбеу жөніндегі есептерде тапсырыстардың қайталама пайда болуы % 5. Оның жұмысына шағымдар саны			
ЖСШ аясында басқа кәсіптермен байланысы	4 6 6 6 6 6	Клиенттік тапсырыстар жөніндегі маман Жабдықтау жөніндегі менеджер Кедендік ресімдеу және сертификаттау жөніндегі менеджер Қойма ісі жөніндегі менеджер Көлік жөніндегі менеджер Логистика бөлімінің басшысы		
БТБА немесе БА байланысы	БА, 2017		Қоймашы (§ 22)	
КС басқа кәсіптермен байланысы	«Көлік-логистикалық орталықты басқару және қызмет көрсету» КС, 17.01.2019		Тиеу-түсіру жұмыстары жөніндегі маман, біліктіліктің 3-деңгейі. Тауарларды қабылдау және беру жөніндегі маман, біліктіліктің 3-деңгейі.	
Білім беру және біліктілік жүйесімен байланыс	Білім беру деңгейі: жалпы орта білім (11 сынып)		Мамандық: –	Біліктілік: –
КӘСІП КАРТОЧКАСЫ:				
Клиенттік тапсырыстар жөніндегі маман				
Код:	(бекіткеннен кейін анықталады)			
Топтың коды:	3323-1			
Кәсіп:	Клиенттік тапсырыстар жөніндегі маман			
Кәсіптің басқа	Жоспарлау жөніндегі маман, жабдықтау қызметшісі			

да мүмкін атаулары:		
ЖСШ бойынша біліктілік деңгейі:	4	
Қызметтің мақсаты:	Back-order тапсырыстардың уақытылы және толық келуін мониторингілеу және өзінің негізгі көрсеткіштерін жақсарту арқылы ұйымның пайдалылығын жақсарту	
Еңбек функциялары:	Міндетті еңбек функциялары:	1. Клиенттік back-order тапсырыстарды өңдеу 2. Жеткізуші қоймасынан жөнелту үдерісін және back-order-лердің келу фактісін мониторингілеу. 3. Қызметтің негізгі көрсеткіштерін жақсарту.
	Қосымша еңбек функциялары:	—
Еңбек функциясы 1: Клиенттік back-order тапсырыстарды өңдеу	Міндет 1: Жеткізу мерзімдерін алдын-ала есептеу	Ептіліктер:
		1. Өнім берушінің қоймасында тауардың бар-жоғын бағдарлама арқылы тексеру, ал болмаған жағдайда дайындалу/ оның қоймасына келу мерзімін анықтау 2. Ұсынылған деректер негізінде жеткізу мерзімін есептеу (артикул, атауы және саны) 3. Артикулды анықтау, ауыстыру және сату бөлімімен түсіндіру жұмыстарын жүргізу 4. Жүйеде пікірлермен жұмыс істеу (мысалы: стокта неге тауар жоқ немесе неге ол аз, сол жөнінде түсініктеме беру), тауардың түрлерін, сипаттамаларын және қасиеттерін назарға ала отырып, маркетинг, сату бөлімдеріне және клиенттермен жұмыс жөніндегі бөлімге дұрыс түсініктемелер мен ұсынымдар беру 5. Пікірлер бойынша деректерді талдау және қорытынды жасау, мәселелердің «түбірін» анықтау және оларды жою.
		Білімдер:
		1. Кәсіпорынның ERP бағдарламасы 2. Өнім берушінің қоймасында болған жағдайда, таңдалған көлік түріне қарай тапсырыс орналастырылған күннен бастап өнімді жеткізудің стандартты мерзімдері. 3. Жеткізу мерзімі қандай құрамдас бөліктерден құралады. 4. Өнім берушілер және олардың тапсырысты орналастыруға қойылатын талаптары 5. Тауардың түрлерін, сипаттамаларын, қасиеттері мен қолдану тәсілдерін, сондай-ақ оларды сақтау және тасымалдау шарттарын жақсы білу. 6. Ескірген артикулдардың ауыстырылуын тексеру тәсілдері. 7. Компанияның пікірлер жүйесіндегі өзара іс-қимыл және өңдеу үдерісі.
	Міндет 2: Тапсырыстарды өнім	Ептіліктер:
		1. Кәсіпорынның ERP бағдарламасында жоспарлау жөніндегі модульді қолдану

	берушілерде орналастыру	2. Орналастырудың ең аз санына (МОQ) және тапсырыстарды орналастыру мерзімдеріне қатысты талаптарын назарға ала отырып, тапсырыстарды өнім берушілерде уақытылы және сапалы орналастыру. 3. Жүйелік қателіктер мен адами фактордың болуы мәніне жаңа back-order тапсырыстарды түсіру/қарау. 4. Жүйелік қателіктерді жою және себептерді нақтылағаннан, анықтағаннан кейін әріптестердің қате әрекеттерін түзету. Білімдер: 1.Өнім берушілердің тапсырыстарды орналастыруға қоятын талаптары. 2.Тапсырыстарды өнім берушілерде орналастыру тәсілдері. 3.Тапсырыс мәртебелерінің кодтары және олардың мағынасы. 4.Өнім берушінің жүйесінде ескірген артикулдардың ауысуын тексеру тәсілдері
	Міндет 3: Өндірістің кідіруін анықтау және тиеу мерзімдерінің уақытылылығын а мониторинг жасау	Ептіліктер: 1.Тапсырыстардың мәртебелерін және жөнелту мерзімдерін қадағалау. 2.Жүйе арқылы жеткізушілердің қоймаларында тауардың кешігу және болмау себептерін анықтау, одан әрі іс-қимылдарды сату бөлімімен немесе тікелей басшымен келісу 3.Өнім берушіден қажетті қосымша ақпаратты сұрату және оның тілінде іскерлік хат алмасу. Білімдер: 1.Байланыс үшін жеткізушілердің контактілері. 2.Жеткізушілердің наразылықтарды ресімдеуге қоятын талаптары мен нысандары. 3.Жеткізушілердің тауарларды қайтаруды ресімдеуге қоятын мерзімдері мен талаптары. 4.Жеткізуші сөйлейтін шет тілі, Intermediate деңгейінен төмен емес.
	Міндет 4: Түзету іс-шараларын жүзеге асыру	Ептіліктер: 1.Компанияның наразылықтарына және жатып қалған тауарды қайтаруға қатысты тауар жеткізушілермен өзара іс-қимыл жасау. 2.Құнды анықтау және компания үшін өнім берушіге тауарды қайтарудың тиімділігі. 3.Басқа бөлімдермен тауарларды Жеткізушілермен қарым-қатынас нәтижелері бойынша өзара іс-қимыл жасау (жеткізудің жаңа мерзімдері, сату жоспары және өндірістік жоспар, қайтару, наразылықтар...). Білімдер: 1.Өз қызметінің, сондай-ақ компанияның маркетинг және сату бөлімдерінің мақсаттары мен міндеттері, олардың жұмыс ерекшелігі. 2.Жабдықтаудағы логистикалық үрдістер және

		басқа бөлімдермен ұштасқан үдерістер. 3. Іскерлік қарым-қатынас этикасы.
Еңбек функциясы 2: Жеткізуші қоймасынан жөнелту үдерісін және back-order-лердің келу фактісін мониторингілеу.	Міндет 1: back-order-лерді түсіру	Ептіліктер: 1. Жөнелтудің уақытылығын бақылау, кідіріс болған жағдайда себептерді анықтау. Проблеманы жою және жүктемені жеделдету үшін қажетті шаралар қабылдау. 2. Жөнелту құжаттарын тексеру және қателіктерді анықтау, қажет болған жағдайда, оларды өз бетінше түзету немесе жөнелтушіден түзетуді сұрату. 3. Алынған құжаттарды ішкі ресурста (интранет, sharepoint...) орналастыру және үдеріске тартылғандарды (кедендік ресімдеу жөніндегі менеджер, бухгалтерия) хабардар ету
		Білімдер: 1. Шарт бойынша Инкотермс жеткізу шарттары және олардың мәні. 2. Жеткізуші сөйлейтін шет тілі, Intermediate деңгейінен төмен емес. 3. Жөнелту құжаттарының қажетті тізбесі және оларды ресімдеудің дұрыстығы. 4. Саясат (мысалы: қайтару бойынша, түгендеу бойынша, іссапар және өкілдік шығыстар бойынша, жеткізушілерді таңдау бойынша) және компанияның шаралары.
	Міндет 2: Компанияның қоймасына келген тауардың сапасы мен санын бақылау және жолды қадағалау	Ептіліктер: 1. Тауардың қоймаға уақытылы келуін қадағалау және бақылау, қажет болған жағдайда түзету іс-шараларын жүргізу. 2. Жүргізілген қабылдау нәтижелерін (артық, кем шығу, қайта сұрыптау, зақымдану) уақытылы сұрау және алу) 3. Тауардың сипаттамасы мен клиентке уәде етілген мерзімдерді назарға ала отырып, шешімнің нұсқаларын ұсыну. 4. Бұл нұсқаларды сату бөлімімен және тікелей басшымен талқылау. 5. Келісілген түзету іс-шараларын уақытылы жүргізу.
		Білімдер: 1. Жолды бақылауды мониторингілеу механизмдері мен байланыстары. 2. Тауардың түрлерін, сипаттамаларын, қасиеттері мен қолдану тәсілдерін, сондай-ақ оларды сақтау және тасымалдау шарттарын жақсы білу. 3. Кешіккен, жоғалған, бүлінген, толық жеткізілмеген, артық немесе қайта сұрыпталған жағдайда оқиғалардың даму нұсқалары және жағдайды шешу/ түзету тәсілдері. 4. Кешігу, жоғалту, толық жеткізбеу, артық қалу немесе қайта сұрыптау фактілері анықталған кезде одан әрі қадамдарды белгілейтін компанияның

		саясаты мен үдерістері. 5. Компанияда қабылданған есептен шығару және кәдеге жарату рәсімдері.
Еңбек функциясы 3: Қызметтің негізгі көрсеткіштерін жақсарту.	Міндет 1: Клиенттерге тауардың уақытылы келуін және сатылуын мониторингілеу	Ептіліктер:
		1. Есептерді түсіру және тауардың (әсіресе өтімсіз) клиенттерге уақытылы келуін және сатылуын қадағалау. 2. Өзара іс-қимылды жақсарту, тәуекелдерді азайту рәсімдері бойынша түсініктемелер беру, кері байланыс пен тілектер алу, тауарларды сату мерзімдері туралы айқындық алу үшін сату бөлімінің мәжілістеріне қатысу. 3. Олардың жұмысының қажеттілігі мен ерекшелігін түсіне отырып және өз жұмысында олардың тілектерін ескере отырып, Компанияның басқа қызметкерлерімен үйлесімді және келісілген жұмыс істеу. Адал клиентті құру тізбегінде өз рөлін түсіну. 4. Қажет болған жағдайда, өтемсіз тауарды сату мәселесін эскализациялау және қайтаруға/ есептен шығаруға және/немесе кәдеге жаратуға келісім алу.
	Міндет 2: Пікірлер мен ұсыныстар бар есептілік пен болжамдарды ұсыну	Білімдер:
		1. Компанияның бағдарламалық жасақтамасының жұмыс істеу принципі. 2. Компанияның саясаты және рәсімдері (Мысалы: қайтару бойынша, түгендеу бойынша, іссапар және өкілдік шығыстар бойынша, жеткізушілерді таңдау бойынша). 3. Сату бөлімдерінің мәжілістерін өткізу күні. 4. Іскерлік қарым-қатынас этикасы.
		Ептіліктер:
		1. Қажетті есептілікті қажетті форматта тікелей басшыға түсініктемелер мен ұсыныстармен ұсыну. Қажет болған жағдайда, қосымша түсініктемелер мен мәліметтер беру. 2. Өзінің негізгі көрсеткіштерін талдау және оларды үнемі жақсарту тәсілдерін табу. 3. Өз учаскесіндегі әр түрлі ықтимал тәуекелдерді анықтау және оларды азайту тәсілдерін ұсыну. 4. Қолданыстағы саясаттар мен рәсімдерді жаңарту/ түзету немесе жаңаларын құру бойынша ұсыныстар енгізу. 5. Өз өкілеттілігі шеңберінде немесе тікелей басшымен келісілгеннен кейін өз учаскесінде клиентке бағдарланған үдерістерді енгізу.
		Білімдер:

		1. Компанияның белгіленген есеп беру тәртібі. 2. Жабдықтау тиімділігінің көрсеткіштері (KPI) және оларды есептеу формулалары. 3. MS Excel, жетілдірілген пайдаланушы сияқты ақпаратты өңдеудің заманауи әдістері. 4. Жабдықтаудағы логистикалық үдерістер және басқа бөлімдермен ұштасқан үдерістер 5. Компанияның саясаты және рәсімдері (Мысалы: қайтару бойынша, түгендеу бойынша, іссапар және өкілдік шығыстар бойынша, жеткізушілерді таңдау бойынша).	
Тұлғалық құзыреттерге қойылатын талаптар	Адалдық, парасаттылық, орындаушылық, жауапкершілік, ұқыптылық, тәртіп, байсалдылық, MS office пакетін пайдаланушы деңгейінде білу, жеткізуші сөйлейтін тілді Intermediate деңгейінде білу. Білімі – колледж, жоғары және бейіндік – артықшылыққа ие болады. Жұмыс тәжірибесі қажет, бірақ міндетті емес.		
Қызметтің тиімділігін өлшеу көрсеткіштері:	1. Жатып қалған тауардың % (Obsolescence) 2. Толық және уәде етілген мерзімде жөнелтілген тапсырыстардың %. 3. Уақытылы орналастырылған тапсырыстардың %. 4. Үлкен тапсырыстарды автоматты бұғаттау кезінде блоктағы тапсырыстың орташа жұмыс сағаттарының саны 5. Тауар компания қоймаларында қанша ай/ күн сақталады (МОН / ДОН) 6. Жүйедегі теріс пікірлер саны немесе % 7. Жүйедегі пікірлерді жабудың орташа жылдамдығы 8. Өз учаскесінде компанияның үздік тәжірибесін енгізу %		
ЖСШ аясында басқа кәсіптермен байланысы	2 6 6 6 6 6	Имплант Жабдықтау жөніндегі менеджер Кедендік ресімдеу және сертификаттау жөніндегі менеджер Қойма ісі жөніндегі менеджер Көлік жөніндегі менеджер Логистика бөлімінің басшысы	
БТБА немесе БА байланысы	БА, 2017		Тауартанушы (§ 103), Жабдықтау жөніндегі агент (§ 8)
КС басқа кәсіптермен байланысы	«Көлік-логистикалық орталықты басқару және қызмет көрсету» КС, 17.01.2019		Тауарларды сақтау және жинақтау жөніндегі менеджер, біліктіліктің 4-деңгейі.
Білім беру және біліктілік жүйесімен байланыс	Білім беру деңгейі: техникалық және кәсіптік білім	Мамандық: 0520000 Логистика (салалар бойынша)	Біліктілік: 0520013 Операциялық логист
КӘСІП КАРТОЧКАСЫ: Жабдықтау жөніндегі менеджер			
Код:	2432-0-009		
Топтың коды:	2432-0		
Кәсіп:	Жабдықтау жөніндегі менеджер		
Кәсіптің басқа да мүмкін атаулары:	Жоспарлау жөніндегі менеджер, жоспарлау жөніндегі аға маман, жабдықтау жөніндегі аға маман		

ЖСШ бойынша біліктілік деңгейі:	6	
Қызметтің мақсаты:	Жабдықтау тобының сапалы және уақытылы жұмысын ұйымдастыру және топтың негізгі көрсеткіштерін жақсарту арқылы ұйымның пайдалылығын жақсарту, оның ішінде шығындар мен үдерістерді оңтайландыру	
Еңбек функциялары:	Міндетті еңбек функциялары:	1. Операциялық қызметті сапалы дайындау және жоспарлау. 2. Сатып алуды уақытылы іске асыру және өтемсіз тауарды уақытылы іске асыру мониторингілеу. 3. Жабдықтау қызметінің үдерістері мен шығыстарын тұрақты оңтайландыру.
	Қосымша еңбек функциялары:	—
Еңбек функциясы 1: Операциялық қызметті сапалы дайындау және жоспарлау	Міндет 1: Бағынышты персоналды даярлау, топ ішінде жұмыстар мен рөлдерді бөлу	Ептіліктер: 1. Жабдықтау жұмыстарына қажетті білім мен ептіліктерді анықтау 2. Жабдықтау тобындағы жайғасымға үміткерлермен әңгімелесу өткізу 3. Жаңа қызметкерлерді оқыту және біріктіру 4. Топ ішінде рөлдер мен тапсырмаларды бөлу және бекіту 5. Жабдықтау тобының тапсырылған тапсырмалары мен міндеттерінің орындалу мәртебесін қадағалау 6. Топ жұмысының нәтижелеріне жауапкершілік
		Білімдер: 1. Жабдықтаудағы логистикалық үдерістер және басқа бөлімдермен ұштасқан үдерістер 2. MS Excel терең білім деңгейі 3. Тауардың түрлерін, сипаттамаларын, қасиеттері мен қолдану тәсілдерін, сондай-ақ оларды сақтау шарттарын жақсы білу 4. Жұмыс принципі және компанияның бағдарламалық жасақтамасындағы жоспарлау модулі.
	Міндет 2: Компанияның тауардағы ағымдық қажеттіліктерін анықтау және қалыптастыру	Ептіліктер:
		1. Талдау үшін сату және тұтыну тарихын компанияның бағдарламалық жасақтамасынан Excel көшіру 2. Бір жылға маркетингтен сату жоспарларын алу және онымен бірге данаға аудару, алдағы 3 айға ай сайын жаңартуларды алу 3. Жоспарланған маркетинг акцияларын, өнімнің ескіруін және жаңа артикулдардың пайда болуын, сондай-ақ Жеткізушілердің талаптарын назарға алу 4. Сату бөлімінен осы тапсырыстардың құрамы мен мерзімдері, жоспарланған жобалар, әлеуетті көлемдер туралы ақпарат алу 5. Жиынтық кестелермен жұмыс істеу, талдау, болжамда және жоспарлауда қателерін және қателердің пайда болу себептерін анықтау

		6. Деректерді талдау және компания қоймаларында жатып қалған тауарды құру және жақсы өтетін өнімнің жоқтығы тәуекелдерін азайту, басымдықтарды орналастыру және балансты табу. Білімдер: 1. ABC-XYZ талдау, just-in-time, тапсырыстың оңтайлы мөлшерін есептеу (economic order quantity), қорлардың қажетті деңгейін анықтау (stock level) және қандай жағдайда толықтыруға тапсырыс орналастырылады және т. б. сияқты ТМҚ басқару әдістері мен тәртібі. 2. MS Excel және деректерді басқару жүйелерін (Big Data, Block Chain) терең білу, оларды талдау және қолдану. 3. Тауардың түрлерін, сипаттамаларын, қасиеттері мен қолдану тәсілдерін, сондай-ақ оларды сақтау шарттарын жақсы білу. 4. Таңдалған көлік түріне байланысты тапсырысты орналастыру күнінен бастап өнімді жеткізудің қарапайым мерзімдері. 5. Жабдықтау тиімділігінің көрсеткіштері (KPI) және оларды есептеу формулалары. 6. Қаржылық талдау, бухгалтерлік есеп немесе шығыстарды басқару негіздері 7. Тәуекелдерді басқару негіздері.
	Міндет 3: Маркетинг және Қаржы бөлімдерімен тауарды сатып алу көлемін келісу	Ептіліктер: 1. Компанияның бағдарламалық жасақтамасының электрондық күнтізбесін /басқа да техникалық мүмкіндіктерін пайдалану мерзімі туралы жоспарлау және келісу. 2. Тапсырыс тізбесін, көлемін келісу және маркетинг бөлімінің басшысымен келісу, қажет болған жағдайда өз басшысын талқылауға тарту. 3. Қаржы бөлімінің басшысымен ақшалай сатып алу көлемін және бір жылға сатып алу жоспарын келісу 4. Қаржы деректерін назарға ала отырып, маркетинг бөлімімен орналастыру көлемдерін келісу 5. Белгілі бір рұқсат етілген шеңберде шешім қабылдауда жауапкершілікте болу және дербестік көрсету 6. Олардың жұмысының қажеттілігі мен ерекшелігін түсіне отырып және өз жұмысында олардың тілектерін ескере отырып, Компанияның басқа қызметкерлерімен үйлесімді және келісілген жұмыс істеу. Адал Клиентті құру тізбегінде өз рөлін түсіну. Білімдер: 1. Баға белгілеу және маркетинг негіздері. 2. Өнімнің көтермелеп және бөлшектеп сату бағалары 3. Тапсырыс орналастыру үшін жеткізушілердің ең аз санына қойылатын талаптар (MOQ = Minimum Order Quantity)

		4. Тауардың түрлерін, сипаттамаларын, қасиеттері мен қолдану тәсілдерін, сондай-ақ оларды сақтау және тасымалдау шарттарын жақсы білу 5. Іскерлік қарым-қатынас этикасы және табысты келіссөздер жүргізу негіздері. 6. Өз қызметінің, сондай-ақ компанияның маркетинг және қаржы бөлімдерінің мақсаттары мен міндеттері, олардың жұмыс ерекшелігі. 7. Сыни, шығармашылық ойлау және ой-талқы тәсілдері (мысалы: Critical thinking, Brainstorm, Out of the box). 8. Жабдықтаудағы логистикалық үдерістер және басқа бөлімдермен ұштасқан үдерістер.
Еңбек функциясы 2: Сатып алуды уақытылы іске асыру және өтемсіз тауарды уақытылы іске асыру мониторингі	Міндет 1: Тапсырыстарды жеткізушілерде орналастыру	Ептіліктер: 1. Орналастырудың минималды санына қатысты олардың талаптарын назарға ала отырып, тапсырыстарды уақытылы және сапалы орналастыру. 2. Толтыру тапсырыстарының мәртебелерін және жөнелту мерзімдерін қадағалау. 3. Қажет болған жағдайда іс-қимылдарды есепке алу және түзету үшін жеткізушілердің қоймаларында тауардың кешігу және болмау себептерін анықтау.
		Білімдер: 1. Жеткізушілердің тапсырыстарды орналастыруға қойылатын талаптары. 2. Тапсырыстарды жеткізушілерде орналастыру тәсілдері. 3. Тандалған көлік түріне байланысты тапсырысты орналастыру күнінен бастап өнімді жеткізудің қарапайым мерзімдері. 4. Тапсырыс мәртебелерінің кодтары және олардың мағынасы.
	Міндет 2: Жеткізушілерге сату жоспарларын ұсыну, шағымдар мен қайтаруларды өңдеу	Ептіліктер: 1. Алдағы 3 айға ай сайын жаңартумен Компанияның бір жылға сату жоспары туралы жеткізушілерді хабардар ету. 2. Компанияның наразылықтарына және жатып қалған тауарды қайтаруға қатысты тауар жеткізушілермен өзара іс-қимыл жасау. 3. Құнды анықтау және өнім берушіге тауарды қайтарудың компания үшін тиімділігі. 4. Тауарларды жеткізушілермен қарым-қатынас нәтижелері бойынша басқа бөлімдермен өзара іс-қимыл жасау.
		Білімдер: 1. Сату жоспарларын ұсыну үшін жеткізушілердің контактілері 2. Жеткізушілердің наразылықтарды ресімдеуге қоятын талаптары мен нысандары 3. Жеткізушілердің тауарларды қайтаруды

		ресімдеуге қоятын мерзімдері мен талаптары.
	Міндет 3: Клиенттерге тауардың уақытылы келуін және сатылуын мониторингілеу	Ептіліктер: 1. Тауардың қоймаға уақытылы келуін қадағалау және бақылау, қажет болған жағдайда түзету іс-шараларын жүргізу. 2. Есептерді түсіру және клиенттерге өтемсіз тауардың уақытылы өткізілуін қадағалау. 3. Сату бөлімдерінің мәжілістеріне қатысу және өтемсіз тауарларды сату мерзімдері туралы анықтық алу. 4. Өтемсіз тауарды сату мәселесін эскализациялау және қайтаруға/ есептен шығаруға және/немесе кәдеге жаратуға келісім алу.
		Білімдер: 1. Жолды бақылауды мониторингілеу механизмдері мен байланыстары. 2. Кешіккен, жоғалған, бүлінген, толық жеткізілмеген, артық немесе қайта сұрыпталған жағдайда оқиғалардың даму нұсқалары және жағдайды шешу/ түзету тәсілдері. 3. Сату бөлімдерінің мәжілістерін өткізу күні 4. Кешігу, жоғалту, толық жеткізбеу, артық қалу немесе қайта сұрыптау фактілері анықталған кезде одан әрі қадамдарды белгілейтін компанияның саясаты мен үдерістері. 5. Компанияда қабылданған есептен шығару және кәдеге жарату рәсімдері.
Еңбек функциясы 3: Жабдықтау қызметінің үдерістері мен шығыстарын тұрақты оңтайландыру	Міндет 1: Жақсарту бойынша есептілік пен ұсыныстар беру.	Ептіліктер: 1. Қажетті есептілікті қажетті форматта тікелей басшыға түсініктемелер мен ұсыныстармен ұсыну. Қажет болған жағдайда, қосымша түсініктемелер мен мәліметтер беру. 2. Өзінің негізгі көрсеткіштерін талдау және оларды үнемі жақсарту тәсілдерін табу. 3. Өз учаскесіндегі әр түрлі ықтимал тәуекелдерді анықтау және оларды азайту тәсілдерін ұсыну. 4. Деректерді талдау және ұсыныстарды қалыптастыру. 5. Болашақ кезеңдердің шығындарын болжау үшін сату жоспарын данамен пайдалану
		Білімдер: 1. Компанияда белгіленген есептілік тәртібі 2. MS Excel және деректерді басқару жүйелері (Big Data, Block Chain) сияқты ақпаратты өңдеудің, оларды талдаудың және қолданудың заманауи әдістері. 3. Өз тиімділігінің көрсеткіштері (KPI) және оларды есептеу формулалары. 4. Компанияның бағдарламалық жасақтамасының жұмыс істеу принципі. 5. Қаржылық талдау, бухгалтерлік есеп немесе шығыстарды басқару негіздері

		6. Сыни, шығармашылық ойлау және ой-талқы тәсілдері (мысалы: Critical thinking, Brainstorm, Out of the box).
	Міндет 2: Жеткізушілермен, сыртқы және ішкі клиенттермен өзара іс-қимылды жақсарту.	Ептіліктер: 1. Компанияның пікірлер жүйесінде жұмыс істеу, мәселелердің «түбірін» анықтау және оларды жою. 2. Пікірлер бойынша деректерді талдау, қорытынды жасау және тиісті шаралар қолдану. 3. Компанияның клиенттеріне бару және не нашар жұмыс істейтінін анықтау. 4. Тікелей басшымен келісім бойынша өнім берушілермен өзара іс-қимыл үдерістерін оңтайландыруды, сондай-ақ өз учаскесінде клиентке бағдарланған үдерістерді енгізу. 5. Өзара іс-қимылды жақсарту үшін сату бөлімдерінің және Компанияның басқа бөлімдерінің жиналыстарына қатысу. 6. Олардың жұмысының қажеттілігі мен ерекшелігін түсіне отырып және өз жұмысында олардың тілектерін ескере отырып, Компанияның басқа қызметкерлерімен үйлесімді және келісілген жұмыс істеу. Адал клиентті құру тізбегінде өз рөлін түсіну. Білімдер: 1. Іскерлік қатынас және іскерлік хат-хабарларды жүргізу этикасы. 2. Компанияның пікірлер жүйесіндегі өзара іс-қимыл және өңдеу үдерісі. 3. Клиенттермен, жеткізушілермен және Компания бөлімдері арасында өзара іс-қимылды белгілейтін Компанияның рәсімдері мен саясаты.
Тұлғалық құзыреттерге қойылатын талаптар	Адалдық, парасаттылық, орындаушылық, жауапкершілік, ұқыптылық, өзін-өзі ұйымдастырушылық, байсалдылық, деректердің үлкен ауқымымен жұмыс істеу қабілеті, жан-жақтылық, талдау қабілеті, MS Office пакетін жақсы білу, жеткізуші сөйлейтін тілді Intermediate деңгейінде білу. Білімі – жоғары, бейіндік/компьютерлік бағдарламалау. Логистикада жұмыс тәжірибесі болғаны дұрыс.	

Қызметтің тиімділігін өлшеу көрсеткіштері:	1. Жатып қалған тауардың % (Obsolescence) 2. Қорда бардан және клиенттерге ұсынылатыннан сату үшін қолжетімді тауардың % (ATS) 3. Толық және уәде етілген мерзімде жөнелтілген тапсырыстардың %. 4. Уақытылы орналастырылған тапсырыстардың %. 5. Үлкен тапсырыстарды автоматты бұғаттау кезінде блоктағы тапсырыстың орташа жұмыс сағаттарының саны 6. Қалағанға қатысты сақтандыру қорының (safety stock) деңгейі 7. Тауардың келесі келуіне дейін толықтыру деңгейі (Cycle Stock = Циклдық тауар қоры) 8. Тауар компания қоймаларында қанша ай/ күн сақталады (МОН / DON) 9. Жүйедегі теріс пікірлер саны немесе % 10. Жүйедегі пікірлерді жабудың орташа жылдамдығы 11. Өз үчаскесінде компанияның үздік тәжірибесін енгізу %		
ЖСШ аясында басқа кәсіптермен байланысы	2 4 6 6 6 6	Имплант Клиенттік тапсырыстар жөніндегі маман Кедендік ресімдеу және сертификаттау жөніндегі менеджер Қойма ісі жөніндегі менеджер Көлік жөніндегі менеджер Логистика бөлімінің басшысы	
БТБА немесе БА байланысы	БА, 2017	Кедендік ресімдеу маманы (декларант), (§ 56); Стандарттау жөніндегі техник (§ 93)	
КС басқа кәсіптермен байланысы	«Көлік-логистикалық орталықты басқару және қызмет көрсету» КС, 17.01.2019		Операциялық логист, біліктіліктің 5-деңгейі.
Білім беру және біліктілік жүйесімен байланыс	Білім беру деңгейі: Жоғары және ЖОО кейінгі білім	Мамандық: 5B071300 Көлік, көлік техникасы және технологиялары, 5B090900 Логистика	Біліктілік: Бакалавр
КӘСІП КАРТОЧКАСЫ:			
Кедендік ресімдеу және сертификаттау жөніндегі менеджер			
Код:	2432-0-009		
Топтың коды:	2432-0		
Кәсіп:	Кедендік ресімдеу және сертификаттау жөніндегі менеджер		
Кәсіптің басқа да мүмкін атаулары:	Кедендік ресімдеу және сертификаттау жөніндегі маман		
ЖСШ бойынша біліктілік деңгейі:	6		
Қызметтің мақсаты:	Тауарларды кедендік ресімдеу мен сертификаттаудың жоғары сапасы мен жылдамдығын қамтамасыз ету, өзінің негізгі көрсеткіштерін жақсарту арқылы ұйымның пайдалылығын жақсарту		

Еңбек функциялары:	Міндетті еңбек функциялары:	1. Брокерлік және сертификаттық қызметтердің өлшемшарттарын анықтау және жеткізушілерін іріктеу 2. Шарттар жасасу және жаңа Жеткізушілерді біріктіру. 3. Брокерлік қызметтер көрсетудің тиісті сапасын қамтамасыз ету. 4. Сертификаттау қызметтерінің тиісті сапасын қамтамасыз ету. 5. Өз учаскесіндегі үдерістер мен шығыстарды оңтайландыру.
	Қосымша еңбек функциялары:	—
Еңбек функциясы 1: Брокерлік және сертификаттау қызметтерін жеткізушілерді іздеу және іріктеу	Міндет 1: Әлеуетті жеткізушілерді іздеу, іріктеуге, тендерге дайындау	Ептіліктер:
		1. Брокерлік/ сертификаттық компаниялар нарығын зерттеу. 2. Брокерлік/ сертификаттық қызметтердің тиісті деңгейі мен көлемін көрсетуге қабілетті әлеуетті компанияларды нарықта іздеу және анықтау. 3. Нарықтағы техникалық ноу-хауды, брокерлік/ сертификаттық қызметтердің бағалары мен түрлерін қадағалау, жақсарту үшін аймақтарды анықтау. 4. Жеткізуші іске асырмаған іс-шаралар бойынша ақпарат жинау, тендер үшін сауалнама жасау. 5. Тендер өткізу қажеттілігі мен дайындығын негіздеу. 6. Тікелей басшымен бірлесіп, ең тиімді жеткізушіні анықтау үшін сауалнаманың әрбір сұрағына жауап салмағын (балл санын) анықтау. 7. Іріктеу кезеңдерін (мысалы: 1) қаржылық тұрақтылықты тексеру, 2) заңдық тексеру, 3) ұсыным хаттар/пікірлер және клиенттер тізбесі 4) сауалнама сұрақтарына жауаптар), іріктеу, тендер өткізу тәртібін (құжаттар мен толтырылған сауалнамалардың тізбесі мен ұсыну мерзімі, қандай эл. адресстерге, тендердің басталу және аяқталу күні...) жасау және келісу
		Білімдер:
		1. Тендерлерді өткізуге қойылатын нормалар мен талаптарға қатысты ҚР қолданыстағы заңнамасы 2. Тендерлерді рәсімдеудің рұқсат етілген түрлері мен ережелері, тендерлерді өткізу кезеңдері. 3. Компания тауарларының түрлерін, сипаттамаларын және қасиеттерін жақсы білу. 4. Бағалау әдістері мен тәсілдері, тарифтер және брокерлік қызметтер (кеден өкілдерінің қызметтері) көрсету нарықтарын сегменттеу және сертификаттау. 5. Брокерлік қызмет және сертификаттау жеткізушілерін іздеу және таңдау критерийлері. 6. Сертификаттау және кедендік ресімдеу қызметтерін ұсынудағы тиімділіктің негізгі

		көрсеткіштері (KPI)
	Міндет 2: Тікелей басшымен бірге тендер өткізу	Ептіліктер: 1. Тікелей басшымен бірге брокерлік/сертификаттық қызметтерге тендерлер жариялау және өткізу. 2. Басымдықтар қою және кездесулерді жоспарлау, электрондық күнтізбені және басқа да техникалық құралдарды пайдалану. 3. Оңтайлы нұсқаларды табу, ұсынылған баламаларды қарастыру.
		Білімдер: 1. Тендерлер жүргізу жөніндегі ішкі саясат. 2. Компаниядағы логистикалық үдерістер және басқа бөлімдермен ұштасқан үдерістер. 3. Кедендік ресімдеу тәртібін, тауарларды кедендік шекара арқылы өткізу және тауарларды сертификаттау шарттарын реттейтін нормативтік құқықтық актілер, басқа да басшылық материалдар мен құжаттар. 4. Кедендік режимдер, тауарлардың кедендік құнын айқындау ережелері, шығарылған елі, декларациялау тәртібі, кедендік декларациялардың нысандары мен түрлері, ҚР Сыртқы экономикалық қызметінің тауар номенклатурасына сәйкес тауарлардың жіктелуі, кедендік төлемдердің түрлері, оларды есептеу мен төлеу тәртібі. 5. ҚР-дағы нормативтік және құқықтық құжаттардың талаптары 6. Компанияның ішіндегі құжаттарды ресімдеу және қозғалыс тәртібі. 7. Брокерлік компаниялар мен сертификаттау орталықтарының құқықтары, міндеттері мен жауапкершілігі. 8. Тендер шарттары мен уағдаластықтары 9. Ағымдағы шарттардың құрылымы мен мазмұны 10. Компанияда қабылданған процестер мен саясат (мысалы: қайтару бойынша, түгендеу бойынша, іссапар және өкілдік шығыстар бойынша, жеткізушілердің таңдауы бойынша).

Еңбек функциясы 2: Шарттар жасасу және жаңа Жеткізушілерді біріктіру.	Міндет 1: Қызметтер көрсетуге шарттар жасасу.	Ептіліктер: 1. Заңгермен бірге іріктелген жеткізушілермен қол қою үшін шарттар дайындау. 2. Редакциялау режимінде шарттармен жұмыс істеу, ескертпелер салу. 3. Шарт тармақтарын тікелей басшымен және Жеткізушілермен келісу. 4. Жаңа өнім берушімен өзара іс-қимылдың құрылымы мен сұлбасын анықтау. 5. Жаңа қызмет көрсетушімен шарттар мен келісімдерге уақытылы қол қоюды, сондай-ақ тендерге барлық келісімдердің шартқа енгізілуін қамтамасыз ету. 6. Тікелей басшымен келісім бойынша, Жеткізушілермен шартты бұзу. Бұзылудың уақытылы және сапалы үдерісін қамтамасыз ету.
		Білімдер: 1. Шарттарды жасау және бұзу ережелері мен талаптары. 2. MS Word – барлық қосымшалар, соның ішінде синхронды айналдыруды, қатар көрініс және бөлу, рецензиялаудағы барлық түзетулерді көрсету, колонтитулдар, гиперсілтемелерді қою, нөмірлеу... 3. Компанияда қабылданған жаңа Жеткізушілермен шарттарды ресімдеу және қол қою үдерісі. 4. Кедендік ресімдеу мен сертификаттаудағы логистикалық үдерістер.
	Міндет 2: Жаңа жеткізушілерді интеграциялау.	Ептіліктер: 1. Жаңа Жеткізушілермен өзара іс-қимыл детальдерін ашу және айту. 2. Жеткізуші үшін нұсқаулықтар жасау және орнында қосымша нұсқаулық жүргізу. 3. Жеткізушіні ауыстыру қажет болған жағдайда, Компания Клиенттері үшін жақсы дайындықты және барынша «көрінбейтін» өтуді қамтамасыз ету. 4. Белгілі бір рұқсат етілген шеңберде шешім қабылдауда дербестік таныту. 5. Жеткізушілерді интеграциялаудың мерзімі мен сапасына жауапкершілік.
		Білімдер: 1. Компаниядағы өзара іс-қимылдың құрылымы мен тәртібі. 2. Шарт бойынша талаптар мен қабылданған міндеттемелер. 3. Компаниядағы логистикалық үдерістері және басқа бөлімдермен ұштасқан үдерістер. 4. Өз учаскесіндегі тиімділіктің негізгі көрсеткіштері (KPI). 5. Компанияның ішінде құжаттарды ресімдеу және қозғалыс тәртібі.
Еңбек	Міндет 1:	Ептіліктер:

функциясы 3: Брокерлік қызметтер көрсетудің тиісті сапасын қамтамасыз ету.	Кедендік ресімдеуге уақытылы және сапалы дайындық	1. Басымдықтарды орналастыру және электрондық күнтізбені және басқа да техникалық құралдарды пайдалану, жоспарлау. 2. Тауарды жеткізушілерден кедендік ресімдеу үшін талап етілетін құжаттарды сұрату және алу. 3. Кедендік ресімдеу үшін барлық қажетті құжаттарды уақытылы дайындау және беру, олардың дұрыстығын қамтамасыз ету. 4. Талап етілетін құжаттардың сапалы аудармасын дербес құру және талап етуі бойынша нотариаттық аударманы ұйымдастыру. 5. Мемлекеттік органдар мен ҚР заңнамасының ұсынылған үлгілері мен талаптарына сәйкес хаттар құрастыру.
		Білімдер:
		1. Кедендік ресімдеуде талап етілетін құжаттарды түсіну және аудару үшін қажетті шетел тілдерін білу. 2. Өз қызметінің мақсаттары мен міндеттері. 3. Кедендік ресімдеу және өз қызметінің тиімділік көрсеткіштері (KPI), оларды есептеу формулалары. 4. Кедендік ресімдеу тәртібі, тауарларды кедендік шекара арқылы өткізу шарттары.
		Ептіліктер:
Міндет 2: Брокерлік қызметтерді ұсынудың уақытылығы мен сапасын мониторингілеу		1. Брокерлердің компанияның барлық тапсырыстарының уақытылы және сапалы орындалуын, сондай-ақ қызметтерді ұсынғаннан кейін Тапсырыс берушіге барлық қажетті құжаттардың уақытылы берілуін қадағалау. 2. Брокерлердің қолда бар тарифтік преференциялар мен салықтық жеңілдіктерді қолдануын қадағалау. 3. Қажетті тұлғалар тобы үшін алынған құжаттарға қол жеткізуді, сондай-ақ олардың сақталуы мен есебін қамтамасыз ету. 4. Өз учаскесінің негізгі көрсеткіштерін (KPI) үнемі есептеп, қадағалап отыру 5. Брокерлерден шығын өсуінің/ құлдырауының қателері мен себептерін анықтауға ұсынылған төлем шоттарын ай сайын тексеру, қажет болған жағдайда түзетуді талап ету.
		Білімдер:
		1. Брокерлік компаниялардың құқықтары, міндеттері және жауапкершілігі. 2. Сыртқы экономикалық қызметті мемлекеттік реттеу шаралары, сондай-ақ кеден ісі саласындағы қылмыстар мен құқық бұзушылықтар үшін жауапкершілік шаралары. 3. Нормативтік құқықтық актілер, басқа да басшылық материалдар және кедендік ресімдеу тәртібін, тауарларды кедендік шекара арқылы өткізу шарттарын регламенттейтін құжаттар.

		4. Кедендік режимдер, тауарлардың кедендік құнын айқындау ережелері, шығарылған елі, декларациялау тәртібі, кедендік декларациялардың нысандары мен түрлері, ҚР Сыртқы экономикалық қызметінің тауар номенклатурасына сәйкес тауарлардың жіктелуі, кедендік төлемдердің түрлері, оларды есептеу және төлеу тәртібі. 5. Кедендік мақсаттарда валюталық бақылауды жүзеге асыру ережесі. 6. Іскерлік қатынас этикасы
Еңбек функциясы 4: Сертификаттау қызметтерінің тиісті сапасын қамтамасыз ету.	Міндет 1: Сертификаттау үдерісіне уақытылы және сапалы дайындық	Ептіліктер: 1. Басымдықтарды орналастыру және жоспарлау, электрондық күнтізбені және басқа да техникалық құралдарды пайдалану. 2. Тауарлардың немесе қызметтердің осы түрін сертификаттауды жүргізуге аккредиттеу туралы растайтын құжатты талап ету. 3. Сертификаттау орталықтарынан қажетті құжаттардың толық тізбесін және оларды ұсыну мерзімдерін сұрау және алу. 4. Тауарды жеткізушілерден сертификаттау үшін талап етілетін құжаттарды сұрату және алу. 5. Дайындаушы-зауытпен келісу, сертификаттау орталығы қызметкерлерінің сапарын ұйымдастыру және ілесіп жүру. 6. Сертификаттау үшін қажетті барлық құжаттарды уақытылы дайындау және беру, олардың дұрыстығын қамтамасыз ету. 7. Талап етілетін құжаттардың сапалы аудармасын дербес құру және талап етуі бойынша нотариаттық аударманы ұйымдастыру. 8. Мемлекеттік органдар мен ҚР заңнамасының ұсынылған қима үлгілері мен талаптарына сәйкес хаттар құрастыру.
		Білімдер: 1. Өнімді сертификаттаудың (КО бірыңғай тізілімі және ҚРМСТ мемлекеттік тізілімі) және оның ҚР, ЕАЭҚ Кеден одағы және қажет болған жағдайда Азия мен әлемнің басқа елдерінде сәйкестігін декларациялау тәртібі мен сұлбалары. 2. Тауарларды жеткізуші мен дайындаушы-зауыт сөйлейтін шетел тілі, Intermediate деңгейінен төмен емес. 3. Компания тауарларының түрлерін, сипаттамаларын және қасиеттерін жақсы білу. 4. Іскерлік қатынас және іскерлік хат-хабарларды жүргізу этикасы.
		Ептіліктер: 1. Сертификаттау орталықтарының компанияның барлық өтінімдерін уақытылы және сапалы орындауын, сондай-ақ қызметтерді ұсынғаннан кейін Тапсырыс берушіге барлық қажетті
	Міндет 2: Сертификаттау орталықтарымен шарт бойынша міндеттемелерді	Ептіліктер: 1. Сертификаттау орталықтарының компанияның барлық өтінімдерін уақытылы және сапалы орындауын, сондай-ақ қызметтерді ұсынғаннан кейін Тапсырыс берушіге барлық қажетті

	орындаудың ағымдағы мониторингі	құжаттардың уақытылы берілуін қадағалау. 2. Сертификаттаудың талап етілетін сипатын анықтау (ерікті немесе міндетті). 3. Қажетті тұлғалар тобы үшін алынған құжаттарға қол жеткізуді, сондай-ақ олардың сақталуы мен есебін қамтамасыз ету. 4. Өз учаскесінің негізгі көрсеткіштерін (KPI) үнемі есептеп, бақылап отыру. 5. Ай сайын сертификаттау орталықтарынан акы төлеуге ұсынылған шоттарды тексеру, қателіктерді анықтау және қажет болған жағдайда түзетуді талап ету. Білімдер: 1. Сртификаттау орталықтарының құқықтары, міндеттері және жауапкершілігі. 2. Сыртқы экономикалық қызметті мемлекеттік реттеу шаралары, сондай-ақ сертификаттау саласындағы қылмыстар мен құқық бұзушылықтар үшін жауапкершілік шаралары. 3. Нормативтік құқықтық актілер, басқа да басшылық материалдар және тауарларды сертификаттау тәртібін регламенттейтін құжаттар. 4. Іскерлік қатынас этикасы
